

## ШЕЖІРЕ ШЫНДЫҒЫ: КІСІ ЕСІМДЕРІНДЕГІ УӘЖ VALUES THE NAMES OF ANCESTORS IN SHEZHIRE

А. Б. САЛҚЫНБАЙ\*

### Түйіндеме

Мақалада қазақ шежірелерінің маңызы сарапталған, сондай-ақ қазақ шежіресіндегі кісі есімдерінің қойылу үрдісіндегі ұлттық дүниетаныммен тікелей байланысы зерттелген. Антропонимдердің жалпы жүйесі, олардың семантикалық және уәждемелік ерекшеліктері, сондай-ақ қазақ шежіресінің тарихы қарастырылған. Қосалқы сөздер негізінде құрылған есімдер мен олардың парадигмалары когнитивтік және уәждемелік аспектілері тұрғысында зерттелген.

**Кілт сөздер:** шежіре, антропоним, уәждеме, ұлттық дүниетаным, когнитивтік және уәждемелік аспектілер.

### Summary

The article analyzes the significance of the Kazakh pedigrees, and studies philosophy and values the names of ancestors in shezhire. Considering the general system of names and their semantic and motivational features, gives an overview of the history of shezhire. Names that are based on key words and their paradigms are studied in the cognitive and motivational aspects.

**Keywords:** pedigrees, antropony, motivation, national outlook, cognitive and motivational aspects.

Қазақ халқының ұлттық дүниетанымын таңбалайтын, көп уақыттан бері көзден таса қалып, көңілден кетіп бара жатқан жәдігерліктің бірі – шежірелер. Шежіре – дала мәдениетінің өзіндік ерекше үлгісі. Қазақ халқы ауызша және жазбаша шығарылған шежірелерге, олардың шындыққа жақын болуына ерекше мән берген, өйткені бұл өздерінің негізгі тектілік, қандық дамуын анықтап, жіпке тізгендей етіп сақтап отыратын, атадан балаға мұра етіп қалдырылатын ататектік мағлұматтар жүйесі еді. Шежіре – халықтық терең дүниетанымның жемісі, түптеп келгенде, қанның тазалығын, ұрпақтың тәні таза, жаны сау болуын көздеген іргелі ілімнің көрінісі. Тереңнен тамыр тартатын халықтық ілім мен оның мәдени-рухани деңгейі қалыптастырған шежіре әлемдік дүниетанымда теңдесі жоқ іргелі жүйе

---

\* филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы-Қазақстан.  
Doctor of Philology, professor, Al-Farabi Kazakh National University. Almaty-Kazakhstan.

ретінде таныла алады. Қазақ ұлтының рухани байлығының бір сарасы, “жеті атасын білмеген – жетесіз” деген тағылым қалыптастырған елдің үлкен тарихи дерегі шежіре деп білеміз. Шежіренің тарихы көнеден бастау алады. Қазақ халқының шежіре сілемдерін Геродот жазбаларынан бастап, қытай, араб, орыс дереккөздерінен табуға болады. Шежірелік деректер М. Қашқаридың “Диуани лұғат-ат түрік”, Әбілғазы Баһадүрдің “Шежіре-и түрк”, Қ. Қ. Жалаиридың “Жәми-ат тауарих”, М. Х. Дулатидың “Тарих-и Рашиди”, Утемиш хаджидың “Чингиз-наме” атты еңбектерінен басталып, Ш. Уәлихановтың “Қазақ шежіресі” атты мақаласы, Ш. Құдайбердіұлының “Шежіресі”, М. Ж. Көпеевтің “Қазақ шежіресі”, сондай-ақ кейінгі жылдары баспалардан жарық көрген әр түрлі рулардың шежірелері арқылы жалғасын табады.

XVI ғасырда өмір сүрген Мұхаммед Хайдар Дулатидың парсы тілінде жазылған “Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы)” деп аталатын еңбегі түпнұсқадан тәржімаланып, 2002 жылы «Тұран» баспасынан жарық көрді. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан бұл еңбек туралы ең алғаш рет қазақ ғылымында “Қазақтың тұңғыш тарихшысы” деген мақалада 1941 жылы “Әдебиет және искусство” деген журналда жазып, атын атаған еді. “Тарих-и Рашиди” сол заманда жазылған еңбектердің үлгісімен, “Мейірімді, рақымды Алланың атымен бастаймын!” деген жолдармен басталады да, рахымы мол алланың атына мадақ айтылады. Мұхаммед пен оның сенімді достары Әмір әл-муминин Әбу Бәкір Сыддықтың, Әли хазіреттің, Омар ибн Хаттабтың есімдері аталып, оларға мадақ айтылады. Еңбектің хижраның 951 жылы басталғаны, “Шыңғыс ханнан бастап, Тоғлық Темірге дейінгі моғолдар мен моғол хандарының өмірі тарихи шығармада кеңінен жазылған. Бірақ Тоғлық Темірден кейінгі хандар жайлы еш нәрсе жазылмапты. Дәлірек айтсақ, олар туралы тарихшылар тек сөз арасында ғана атап өтіп, көңіл аударма бермегендігі” туралы айтылып, еңбектің негізгі мақсаты айқындалады [1, 40]. Еңбектің не себепті “Тарих-и Рашиди” деп аталғаны туралы ғалымның өзі еңбегінде былай деп жазады: “Кітаптың “Тарих-и Рашиди” аталуының мынадай үш түрлі себебі бар. Оның біріншісі, Тоғлық Темір хан Ислам дінін маулана Аршадалдиннің ықпалымен қабылдады. Біз бұған кейінірек тоқталамыз. Екінші бір себебі Тоғлық Темірге дейін-ақ исламды Барақ хан, одан кейін Кебек хан қабылдаған еді. Алайда осы хандар дәуірінде моғол ұлыстары ислам дінінен дұрыс жол таба алмады. Ал күдіретті де

мәртебелі Тоғлық Темір хан мен бақытты моғол ұлысы исламнан дұрыс жол тауып, ұлылыққа бет бұрды. Үшіншіден, қазіргі уақытта моғол ханы Әбдірашид хан болғандықтан, бұл тарих соған арналып, оның құрметіне құрастырылып отыр. Осы үш себептен бұл тарих “Тарих-и Рашиди” деп аталынды” [1, 41].

Кітаптың жазылуының негізгі себептері хандардың тарихымен, олардың ислам дінін қабылдауымен байланысты болған. Біз үшін маңыздысы еңбек өз кезіндегі тарихи тұлғалар мен олардың есімдері туралы сыр шертеді. Кісі есімдері номинативтік табиғатында шартты болғанымен, жасалу үлгісі мен қойылу үрдісінде ұлттық дүниетаныммен, уақыт факторы әкелген заманауи жаңалықтармен тікелей астарласып, байланысып жатады. Мәселен, *Тоғлық Темір хан* деген кісі есімінің үш сөзден тұруының өзіндік ішкі уәжі бар. Тоқлық сөзінің ДТС-тағы мағынасы – достаток, тоқлық – благоденственный, благовоспитанный [2, 576-577]. *Темір* сөзінің қойылу уәжі темір сияқты сынбайтын, мықты болу, қайратты, қажырлы болу дегенді көрсетеді. Тоғлық Темір хан – хан аталуының мәнісі, ол алғашқы Моғолстан хандарының бірі болған, сондықтан оның титулдық мәні бар. Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайдан тарайды. Олай болса, Тоғлық Темір хан атауының уәжі тәрбиелі, текті, дәулетті, қайратты, мықты, хан болады. Шынында да, Тоғлық Темір хан 1347-1348 жылдардан бастап, өмірінің ақырына дейін тақта отырады.

*Аршадалдин* сөзі түрік сөзі емес, араб-парсы тілінен енген кісі есімі. Аршадалдин дін басы, шейх, атақты Бухаридің ұлы болған. Тоғлық Темір хан Аршадалдиннен ислам дінін қабылдаған. *Барақ* – кісі есімі. Шағатай ұрпағының өкілі, Шағатай ұлысында билік еткен. Барақ сөзінің ДТС-тағы мағынасы – собака с лохматой и длинной шерстью, отличается необычной стремительностью и ловкостью, считается лучшей среди охотничьих собак, - деп көрсетілген [2, 83]. Шыңғыс хан ұрпақтарына жиі қойылған есімнің бірі. Жеті қазынаның біріне саналатын иттің жақсы қасиеттеріне байланыстырылып қойылуы, иттің алғыштығы, жылдамдық қасиеті, жүйріктігі уәж болуы ықтимал. *Кебек* - кісі есімі. Шағатай ұрпағының өкілі. Кебек сөзі араб тілінен енген. Негізгі мағынасы – звезды, светила, планеты [2, 290]. *Әбдірашид* хан - кісі есімі. Шағатай ұрпағының өкілі, Сұлтан Саид ханның ұлы. Моғолстанда біраз жыл билік еткен. Бұл ханның тұсында шайбанилықтармен арадағы ұзақ уақытқа созылатын жауласу тоқтаған. Әбдірашид хан сөзі – үш бөліктен тұрады: әбді, рашид, хан. Хан бұл жерде титулдық мәнде тұр. Әбді және Рашид сөздері араб тілінен енген

атаулар. М.Х.Дулати кітабына оның есімінің екінші жартысын алып пайдаланған, әрі кітапты осы кісіге сый ретінде тартқан.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың “Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы)” аты еңбегінде барлығы 857 кісі есімі берілген. Бұл есімдердің дені араб тілінен енген кісі аттары. Көптеген есімдердің алдында *әбу, әмір, бек, сұлтан, баба, қожжа, қажы, қазы, мырза, ұстаз* сөздері тіркесіп отырады. Кісі есімдері осы тірек сөздермен бірге келіп, өзіндік сөзжасамдық парадигма құрай алады: Мысалы, Әбу сөзінің тіркесуі араб тілінен енген есімдерді қою үрдісімен байланысты: *Әбу Бәкір мырза, Әбу Бәкір Кулуи, Әбу Ысқақ, Әбу Талиб Макки, Әбу-л Джаһл, Әбу-л Фатх Сұлтан Саид, Әбу Ханифа* т.б. Әбу тірек сөзімен барлығы 14 кісі есімі берілген. Мұндай кісі аттары кейде қазіргі қазақ тілінде кездеседі, тек олар бірігіп жазылып, қазақ орфоэпиясының заңдылығына бағындырылғандықтан, дыбыстық жағынан ерекшеленеді: *Әбубәкір, Әбутәліп*, т.б. *Әмір* тірек сөзімен байланысты кісі есімдерінің парадигмасы: *Әмір Абдалаввал, Әмір бек Мұхаммед, Әмір Абдоләли, Әмір Әлі Тебризи, Әмір Әлі, Әмір Әбу-л Бақа, Әмір аға, Әмір Уали, Әмір Баба Әлі Әмір Аталлах, Әмір Абдолхай, Әмір Даим Әлі, Әмір Моғол, Әмір Саид Шариф, Әмір Тулақ, Әмір Мазид, Әмір Кака, Әмір Қамбар* т.б. *Әмір* тірек сөзімен барлығы 64 кісі есімі берілген. *Бек* тірек сөзімен байланысты кісі есімдерінің парадигмасы: *Бегім, Бек Мұхаммед, Бек Темір*, т.б.

*Баба* тірек сөзімен байланысты кісі есімдерінің парадигмасы: *Баба Әлі шаһ, Баба Башағири, Баба Қулаған, Баба Сарық мырза, Баба Сұлтан, Баба Чучак, Баба Сайид, Баба тірек сөзі арқылы барлығы 9 кісі есімі берілген. Қожжа* тірек сөзімен байланысты кісі есімдерінің парадигмасы: *Қожжа Абдоләзиз, Қожжа Абдолла, Қожжа Абдолхади, Қожжа Абдалхақ, Қожжа Ариф Ривгани, Қожжа Ахрар* т.б. *Қожжа* тірек сөзімен жасалған 50 кісі есімі берілген. *Мырза* тірек сөзімен байланысты кісі есімдерінің парадигмасы: *Мырза Әбу Бәкір, Мырза Әлі Кучак, Мырза Ахмед Бекжак, Мырза Шах Хусейін, Мырза Байсұңқар, Мырза Бади за Заман, Мырза Жахангир, Мырза Мұхаммед.* *Мырза* тірек сөзімен жасалған 28 кісі есімі берілген. *Сұлтан* тірек сөзімен жасалған 62 кісі есімі берілген. *Ұстаз* тірек сөзімен жасалған 10 кісі есімі берілген. *Шейх* тірек сөзімен жасалған 37 кісі есімі берілген. Демек, *әбу, әмір, бек, сұлтан, баба, қожжа, қажы, қазы, мырза, ұстаз* сөздері кісі есімін жасауда тірек сөздер ретінде қызмет атқарған деуге толық тілдік дәлел бар деп қарап, тұжырым жасауға болады. Бұл сөздер алғашқыда титулдық мәнде жұмсалған да, келе-келе кісі есімімен бірге жұмсала

келе, әбден қалыптасып, есіммен бірге келіп, жеке адам атын көрсететін дәрежеге де жеткен. Тірек сөздердің бөлек жазылуының үлкен мәні болған. Олардың әрқайсысының қойылу уәжі болған, сөздің мәні мен мағынасы сақталғандықтан, олардың ұғымдық сипаты болғандықтан бөлек жазылған. Яғни біз мысалға келтіріп отырған әбу, әмір, бек, сұлтан, баба, қожа, қажы, қазы, мырза, ұстаз т.б. тірек сөздер әрқайсысы өзінің титулдық мәнінде, толық негізгі мағынасын сақтап қолданылған. Л. З. Рүстемовтің “Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов” атты еңбегінде “Әмір – повелитель, эмир, правитель князь”, сұлтан - власть, господство, владычество; султан, государь, верховный правитель; ұстаз – учитель, наставник; қазы – судья, принимавший решения как по вопросам религии, так и семейного, наследственного и частично уголовного права, следивший за соблюдением мусульманами религиозных обязанностей, основываясь на установлениях корана, сунн и шариата; - мағыналарында жұмсалған деп көрсетілген [3, 47; 261; 285; 151].

Ал қазіргі қазақ тіліндегі Бекмұхамбет, Бектемір, Бексұлтан, Бекжан, Бекайдар, Әмірмәжит, Әбубәкір, Әбутәліп, Әбусейіт, Әбумәлік, Шыңғысхан, Сұлтанмахмұт, Махмұтхан, Құлмұхаммед, Сұлтанәлі, Мырзаәлі, Мұхамедәлі, Ахметхан, Есімхан, Айымхан, Күнімхан, Сұлтанхан сияқты т.б. есімдердің құрамындағы тірек сөздердің бірігіп жазылуының мәнісі онда сөздердің ішкі уәжі сақталмайды. Өйткені бұл тірек сөздердің қойылуында титулдық мән жоқ. Тек жаңа екіншілік мағына туғызатын сөзжасамдық мағына ғана бар.

М. Х. Дулатидың “Тарих-и Рашиди” атты еңбегінде негізінен ер адамдардың есімі беріледі. Тек ішінара ғана әйел есімі кездеседі. Мысалы: *Хадшиа бегім, хан Сұлтан Ханым – Сансыз мырзаның қызы, Ханзада бегім - Бабырдың әпкесі, Ұрун Сұлтан ханым, Хан Сұлтан сұлтаным, Сахиб Даулат бегім, Сұлтаним бегім, Сұлтан Нигар ханым, Гәуһар шад бегім, Даулат Сұлтан ханым, Қарагөз бегім, Хабиба Сұлтан ханым* т.б. Бұл әйел есімдерінің барлығы да хандар мен сұлтандардың анасы не әйелі ретінде көрсетілген.

Еңбекте ішінара қазақ ру аттары да кісі есімдерінің құрамында кездеседі: *Бахрам жалайыр, Бекжақ қаңлы, Зуннун Арғын, Мұхаммед қырғыз, Мизраб барлас, Мұрат барлас, Мырза Шаһ бек Арғын, Хұдайдад-дулат*, т.б. Мұндағы ру аттарының қойылу уәжі олардың қай руға жататынын көрсету үшін қойылған. Бұл кісілердің барлығы да әмір қызметінде болғандығы баяндалған.

Байқап отырғанымыздай, М.Х. Дулати еңбегінде кездесетін кісі есімдерінің көпшілігі кірме атаулар. Олардың қойылуының уәжі негізінен Құрандағы кісі есімдерімен, ислам дініндегі аттармен тікелей байланысты болған. Яғни хандар мен сұлтандардың сол кездегі аттары негізінен ислам дінінің ықпалымен араб тілінен енген сөздермен аталған деуге толық негіз бар.

Әбілғазының “Түрік шежіресі” атты еңбегі филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Әбілқасымовтың аударуымен 1991 жылы жарық көрген. Бұл шежіре XVII ғасырда жарық көрген түркі жазба мұраларының ішінде елеулі орын алады. Шыңғыс хан ұрпақтары өздерінің тарихын “Шыңғыснаме”, “Шайбанинаме”, “Бабырнаме”, “Жами-ат тауарих” сияқты шежірелерде жаздырып қалдырғаны белгілі. Профессор Б. Әбілқасымов Әбілғазының “Түрік шежіресі” атты еңбегі туралы, оның негізгі ерекшелігі туралы мынадай ой айтады: “... аталған шежіренің екі ерекшелігі бар. Біріншіден, кітап авторы Шыңғыс ұрпағынан шыққан хан бола тұрып, өз тарихын өзі жазған; екіншіден, кітап тарихи, әдеби жағынан аса құнды” [4, 3]. Б. Әбілқасымов бұл еңбек көркем шығарма емес, кімнен кімнің туғанын баяндайтын шежіре екенін жазады. Кітап алғысөзден басқа тоғыз баптан тұрады. Бірінші бапта құдай тағалланың Адам ғалиссаламды жаратқанының баяны айтылып, одан әрі Монғол хан мен оның Шыңғыс ханға дейінгі ұрпақтары, Шыңғыс хан мен оның ұлдарының баяны айтылады. “Түрік шежіресінде” барлығы 650-ден аса кісі есімі қамтылған. Нұқ пайғамбардан мұсылмандық тарихын бастай отырып, оның үш ұлы болған еді деп жазады: Хам - Үндістан жаққа, Сам – Иран жаққа, Иафес – солтүстік жаққа сапарға шыққан екен деген аңызды келтіреді. Иафестен сегіз ұл тарайды: Түрік, Хазар, Сақлап, Орыс, Мең, Шын, Кеймар, Тарих. Иафес өзі қайтыс боларында өзінің орнына үлкен ұлы Түрікті отырғызады. Бұл жердегі аңғарылатын жағдай, Түрік Иафестің ең үлкен ұлы болған, яғни Түрік кісі есімі болған. Еңбекте ұйғыр, қыпшақ, яғма (жағма), қалаш, т.б. тайпа, ел атауларының шығу тәркіні баяндалады. Шежіреде Оғыз ханның хан болуы туралы, оның Тұран мен Үндістанға жорығы, Иран, Шам, Мысыр жақтағы сапары, оның ұлдары туралы мол мағлұмат берелік баян бар. Бұл Оғыз ханның үлкен ұлдарының аттары Күн, Ай, Жұлдыз, одан кейінгі ұлдарының аттары - Көк, Тау, Теңіз деп аталған. Кісі есімдерінің осылайша аталуының да өзіндік терең мән-мағынасы бар деп есептейміз. Бұл аттар табиғаттағы негізгі құбылыстардың атауы екені белгілі. Түркілік дүниетаным бойынша Күн, Ай, Жұлдыз, Көк,

Тау, Теңіз – қасиетті әрі киелі ұғымдар. Сондықтан Оғыз ханның бұл есімдерді балаларына қоюының уәжі терең, әрі бұл түркілік көне дүниетаныммен астасып жатыр деп айтуға болады. Көптеген кісі есімдерінің уәжі, қойылу себебі көрсетіліп отырады. Мысалы, Оғыз ханның алты ұлынан тарайтын (ұлдарының аттары – Күн хан, Ай хан, Жұлдыз хан, Көк хан, Тау хан, Теңіз хан) жиырма төрт немересінің атының мағыналарын көрсетіп береді. Қали – мағынасы берік; Баят – мағынасы дәулетті; Алқауілі – мағынасы сүйкімді; Қарауілі – мағынасы қайда барса да үйлесіп отыра беретін болады; Языр – мағынасы ел ағасы; Ябыр – мағынасы – қарсы келгенді қағып түсер; Дудырға – мағынасы жұртты бағындыру, сақтауды білуші; Дүкір – мағынасы түкірік; Ұшар – мағынасы шапшаң; Қарнұқ – мағынасы үлкен; Бекдәлі – мағынасы сөзі құрметті; Баяндүр – мағынасы бақытты; Бочина – мағынасы талапты; Қарқын – мағынасы іскер; Жауылдыр – мағынасы намысқой; Жебні – мағынасы батыр болады; Салұр – мағынасы қылышты; Емүр – мағынасы байлығы асқан; Үркер – мағынасы жақсы іс істеуші; Егдүз – мағынасы жақсы қызметкер; Ауа – мағынасы жоғары мәртебелі; Қанық – мағынасы асыл т.б. [4, 25]. Бұл көрсетіліп отырған мағыналар көрсетілген атаулардың түсінігі, қойылу уәжі деп бағалауға болады. Ескеретін жағдай шежірелердің көпшілінде қазақ тарихының басы Оғыз хан есімімен байланыстырылып отырады, әрі оның ұлдарының аттары да өзгеріссіз алынады. Шежіреде былай дейді: “Монғол, түрік жұрттарының тегін, аттары мен лақаптарын жазған адам – Қызу йаңлы хожа Рашид айтқан екен: Шыңғыс хан әулетінен Иранда патшалық қылғандардан мұсылман болған Шыңғыс хан ұлы Толыханның ұлы Һалақу, оның ұлы Абақа хан, оның ұлы Арғын, оның ұлы Ғазан ғали ал-рахмет еді. Ол патша болғаннан кейін бір жерді байтақ қылды” [4, 29]. Толыхан деген кісі есімі екі сыңардан тұрады: толы және хан. Екі компонент бірігіп жазылған, сондықтан мұндағы хан сөзі титулдық мәнде айтылмаған деуге болады. Толы сөзінің ДТС-тағы мағынасы – польный, наполненный; польностью, сполна; полная луна; весь, все; сондай-ақ Толу сөзі кісі есімі түрінде де кездесетіні көрсетілген [2, 573]. Абақа деген кісі есімінің “абақы” деген нұсқасының мағынасы ДТС-та “пугало на огороде; оберег от сглаза” деп көрсетілген. Көзден сақтау деген мағына атаудың негізгі уәжі болуы ықтимал. Арғын сөзі бұл контексте кісі есімі ретінде кездеседі. Бұл есім арғын руы аты арқылы уәжделуі мүмкін, өйткені тілімізде күні бүгінге дейін Дулат, Арғынбай, Найманбай, Наймантай, Алшын, Алшынбай, Торғауыт сияқты т.б. кісі есімдері кездеседі.

Һалақу деген кісі есімі кейде фонетикалық нұсқасында Құлағу түрінде де кездеседі. Біздіңше, бұл монғол тілінен енген есім болуы мүмкін. Шежіреде “Шыңғыс ханның он үш жасынан қырық жасына дейінгі істерінің баяны” жазылған бөлімде көптеген кісі есімдері беріліп, кейбірінің қойылу уәжі көрсетілген. “Шыңғыс ханның анасының аты Оолұн еді, екі лақабы болушы еді: бірі Оолұн әйке, екіншісі – Оолун қошын. Әйке монғол сөзі, ұлық деген сөз, қошын – қытай сөзі, мағынасы монғолдағы қатын, тәжіктің бану, өзбектегі бәйбіше деген сияқты, үйдің, малдың иесі деген сөз. Ол кісі Ақнұр руынан еді, ақылды, кең пейіл, ұстамды әйел болатын”. “Түрік халқы ардақты кісілерін ата дер, мысалы, Хакім ата, Сейіт ата деген сияқты” [4, 53]. Хакім сөзінің мағынасы Л. З. Рүстемовтің “Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов” сөздігінде “правитель, губернатор, начальник” деп түсіндірілген [3, 289]. Сонда Хакім, Хакімбек, Әкім, Әкімбек, Әкімтай сияқты кісі есімдері осы мағына арқылы уәждеделген деп түсіндіруге болады.

Әбілғазы Бахадүрдің “Түрік шежіресі” атты еңбегінде кездесетін кісі есімдерін былайша бөлуге болады:

1. Түркі тіліндегі есімдер;
2. Монғол тілінен енген есімдер;
3. Араб тілінен енген есімдер;

Шежіре тілінде өзгелермен салыстырғанда түркілік кісі аттары сиректеу ұшырасады. Дегенмен, М. Х. Дулатидың еңбегімен салыстырғанда, Шыңғысхан ұрпағының тарихы болғанына қарамастан, араб тілінен енген есімдермен бірге, түркілік есімдер де кездеседі. Мысалы: Ерқыл, Сүйініш, Ай хан, Күйік, Абақа, Ақатай, Бұқа, Оң хан, Байтемір, Еркеқара, Көкше, Дәрітай, Күшлік, Тоқтабегі, Идіқұт, Алтан, Туғашар, Толыхан, Темір, Тоқтамыс, Ерсары, Илбарыс, Күнше, Тұрхан қатын, т.б. Монғол тілінен енген кісі есімдері: Бұғұн, Бұдынжар, Байсанқұр, Мамиқай, Барғұтай, Мұрқад, Дотумен, Кәнду чене, Түмне, Бартаң, Қыдан, Дәрбітай, Есуки, Мұндай, Тимаж, Қалмажухан, Барғұнай, Бөрте, Бөкебендур, Жакембу, Аланко, Доту, Қадан тайшы, Мәтушах, Табұдай, Енкірес, Нәкүз, Жорлық, Қабай, Жошы, Сүбідей, т.б. Араб тілінен енген кісі есімдері: Назарқожа, Мұхаммедқұлы, Әбілғазы, Сұбханқұлы, Шәріпмұхаммед, Сұлтан Мұхаммед, Шейхислам, Хамар тегін, Жалеладдин, хан Мәлік сұлтан, Дінмұхаммед, Әлісұлтан, Мәлік Сейфутдин, Әміртемір, Шейх Хасан, Әбусағит, Қожағабит, Махмұт, Мұхаммедғазы, Сұлтанғазы,



Ғабдолғазы сұлтан, Спандияр хан, т.б. Араб және парсы тілінен енген кісі есімдерінің көпшілігі қазақ тілінің орфоэпиялық айтылу ырғағына қарай өзгеріп, тіліміздің сингармониялық заңына бағынған. Сондықтан да Мәлік, Әмір, Спандияр, Махмұт, Дінмұхаммед т.б. сияқты болып, тұлғалық жағынан өзгеріске түскенін көреміз. Шежіреде жиі кездесетін кісі есімі – Шыңғыс хан. “Шыңғыстың хан болған баяны” атты тараушада былай деп жазылған: “Шыңғыс ханның күші мен дәулеті күннен күнге өсе түсті. Жақын отырған елдердің тек күштілері ғана оған бағынбады, күші және саны аз елдер бірінен кейін бірі келіп Шыңғысқа бағынды. Хижраның бес жүз тоқсан тоғызыншы (жаңа есеппен 1202-жылы) доңыз жылында қырық жасында Шыңғысты хан көтерді. Найман кіре деген жерде үлкен той жасап, ас берді. Қоңқамар руынан Меңлік ечекенің ұлы Көкше деген бар еді, халық оны “тәңірінің беті” дер еді. Сол келіп, “Маған тәңіріден ишарат болды. Темучинға бар, елге, халыққа “бұ күннен соң Темучин демесін, Шыңыз десін, жер жүзінің патшалығын Шыңызға, оның балалары мен тұқымына бердім” деп айтты деді. “Шыңның” мағынасы ұлық және қатты деген болар, -ыз оның көпшесі. Көкше Монғолияның суық, қыс күндерінде жалаңаш және жалаң аяқ жүрер еді” [4, 59]. Бұл мәтінде автор Әбілғазы Шыңғыс сөзінің жасалуының, мағынасының қалыптасу уәжін көрсеткен деп есептеуге негіз бар. Шыңғыс сөзі туралы әр түрлі этимологиялық болжамдар бар. Дегенмен, Әбілғазы келтіріп отырған ұлық, қатты сөзінің уәждік негізі бар деуге болады.

Қоңқамар деген кісі есімінің уәжін былайша көрсетеді: “Ормауыт руынан бір кісі бар еді, оның үш ұлы болды. Үлкенінің аты бимәлім, жігіт болған соң жұрт оған Қоңқамар деген ат қойды. Қоңқ – монғол тілінде үлкен, үлкен қарғаны – қоңқ қарға дер еді. Қамардың мағынасы – мұрын, жоғарыда айтқан кісінің мұрны тым үлкен еді. Сондықтан Қоңқамар деп атап кетті, барша қоңқамар руы осы кісінің нәсілінен, бұл уақытта өздерін қамар руынанбыз дейді [4, 41]. Меңлік ечеке деген кісі есімінің уәжін Әбілғазы былайша көрсетеді: “меңлік ечеке – қоңқамар руынан еді. Меңлік әкесінің қойған аты. “еcheке” монғол тілінде ата дегенге келеді [4, 41]. Ерлат есімінің уәжі - Әбілғазының көрсетуінше, атаның сүйген ұлы деген мағына береді. Ол - әкесі жақсы көретін бір кісінің аты еді. Оны анасы да жақсы көрер еді, бүкіл Ерлат елі оның нәсілінен тарайды [4, 42]. Келкіт кісі есімнің уәжі - Әбілғазының көрсетуінше, “Кісінің тілінің кемдігі болса, оны түрік халқы бөлтек дер, монғол келкіт дер еді. Ол кісінің тілінің кемдігі бар еді, сол үшін Келкіт атады, барша келкіт елі сол кісінің нәсілінен

тарайды”. [4, 42]. Ғалымның айтуынша, монғол тіліндегі т әрпі қосылғанда бір нәрсеге қатыстықты білдіреді, түрікте -лы қосымшаның (атлы, тоңлы дегендей) мағынасын білдіреді. Сонда келкіт – тілінің кемістігі бар дегені. Түрік тіліндегі кісі есімдері Шыңғыстың Керейт Оңханмен соғысын баяндаған кезде, Жошы хан әулетінен Дешті Қыпшақта патшалық қылғандардың тарихын әңгіме еткенде жиі кездеседі.

Ш. Уәлиханов өзінің “Қазақ шежіресі” аталатын еңбегінде қазақтардың ру-руға бөлінуі бұрыннан келе жатқан дәстүр екенін атап өте отырып, Рашит-ат Дин, Әбілғазы, Шайбанинаме, Қадырғали Жалаири, Н. М. Карамзин. А. И. Левшин т.б. еңбектерін көрсетіп, қажет жерінде сілтеме беріп отырады. Шоқан Уәлиханов мақаласында барлығы 40-қа жуық кісі есімдері келтіріледі. Бұл ғылыми мақала болғандықтан, қазақ халқының құрамындағы рулар тарихы мен олардың атауы, қазақ елінің шығуы туралы бағалы да байламды пікірлер бар. Шоқан шежіресінде келтірілетін көптеген есімдер күрделі тұлғада болып келеді: Кәрім-Берді, Жабар-Керей Берді, Селд-Ахмет, Дәулет-Берді, Тас-Темір ұлы, Мұхаммед-Темір-хан ұлы, Ғийас-ад-дин Шәдібек, Ұрыс-хан, Құтлық-Темір, Әли-Темір бек, Тоқай-Темір, Үз-Темір, т.б. Қазіргі қазақ тіліндегі кісі есімдерімен салыстыра қарар болсақ, осы атаулардың көпшілігі кездеседі, немесе нұсқалары бар. Олардың барлығы дерлік бірігіп жазылады. Олай болса, қазіргі кісі есімдерінің бірігіп жазылуының өзі кейінгі кездегі жазу дәстүрінің қалыптастырған үрдісі деп қабылдауға болады. Кәрім – берді, Дәулет-Берді, Жабар-Керей берді сияқты тұлғалардың қазіргі кездегі жазылуы Аллаберді, Тәңірберді, Жасағанберді, Құдайберді, Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген т.б. сияқты болып келеді. Шоқан Уәлихановтың өзіне дейін жазылған шежірелердің мәтінімен жақсы таныс болғаны байқалады. Ол Қ. Жалайридың “Жылнамалар жинағы” туралы мынадай пікір білдіреді: “Жылнамалар жинағы” Ораз-Мұхаммед Қасым қаласын билеп тұрғанда, хижраның 1000 жылында Борис Годуновтың патшалығы соңында жазылған. Жылнама авторы Қасым қаласы билеушісі Ораз-Мұхаммедпен бірге болған, аты-жөні белгісіз... бұл жылнама таза араб тілінде жазылған аударма сөзбен... және тілмен, дегенімен түркінікі, далалық теңеулер мен мәтелдерге тұнып тұр [5. 122-123]. Ш. Уәлиханов шежіреде Абылайхан, Жошы, Орыс хан, т.б. хандар туралы қызық деректер келтіреді. Шоқан қазақ шежіресін тізуден гөрі шежірелер туралы толғамды ой айтқан. Көптеген жазбаша шыққан шежірелерге сілтеме жасап, олардың бар

екендігін, өзінің білетіндігін де көрсеткен. Қазақ, өзбек, ұйғыр, монғол, татар сияқты т.б. халықтарды, үйсін, дулат, арғын, найман, керей т.б. руларды таратып, олардың тарихы туралы пікір білдірген.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының “Қазақ шежіресі” атты еңбегі арабтың хадим жазуынан бүгінгі әліпбиге түсірілген нұсқасында Сәрсенбі Дәуітұлының баспаға дайындауымен 1993 жылы жарыққа шыққан. Нұқ пайғамбардан басталатын адамзат тарихынан бастап, ғалым Оғыз хан тарихын көрсетеді. Оғыз ханның атын Уыз хан деп анықтайды. Мұндағы оғыз-уыз болып өзгеруінің фонетикалық заңдылығы бар. Яғни о дыбысы у-ға сәйкес дыбыс болғандықтан өзгеріп, -ғ тұрақсыз дыбыс ретінде түсіп қалады. Автор былай деп жазады: “Әуел басы Нұқ пайғамбардан тарап, бөлінгенде Жаппас (Иафес болуы керек) деген баласынан түрік, онан түтік, онан қой, онан киік, онан еділше, онан алтыншы, онан моғол, татардың моғолынан Қара хан, онан Уыз хан! Осы Уыз ханнан өрбіп, өнген нәсілден тарадық. Киіз үй сол Уыз ханның жасатқан үйі. Киіз туырлықты қазақ уыз үйлі атанғандығы сондықтан” [6, 12].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Шежіресінде 2000-нан астам кісі есімі кездеседі. Шежіреде қазақ халқының қазіргі кездегі ат қою дәстүріне сәйкес келмейтін де аттар кездеседі. Автор мұндай аттардың қойылуының кездейсоқтығын көрсетіп, олардың уәжін, себебін көрсетіп отырады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының “Қазақ шежіресі” атты еңбегінде кездесетін кісі есімдерінің дені қазақша атаулар. Мұнда араб тілінен енген есімдер жоғарыдағы еңбектерге қарағанда сирек ұшырасады. Мұның негізгі себебі хандардың шежіресі емес, халық шежіресі екендігімен де байланысты болуы керек.

Сонымен, мәдениеттің негізгі сипатын танытатын – жазба тіл. Жазба тілі бар тіл - әдеби тілі бар тіл. Ал әдеби тіл – дамыған, нақтыланған, сұрыпталған, нормаға түскен тіл. Көне заманда-ақ, қазақ халқы әдеби тіл қалыптастырған, оның нақты деректері мол. Көне түркі тілінде жазылған қайсы бір ескерткішті алсақ та, оның көне қазақ тіліне тікелей қатысы бар. Әлкей Марғұлан сөзімен түйіндесек: “Орхон-ойғыр жазуларын өзіне дәстүр қылған елдер – найман, керейлер, оңгіт-уақтар, меркіттер барлығы ерте кезден үкімет құрған, кейін қазақ ұлтына кірген тайпалар. Елді орхон-ойғыр жазуына үйретуге бұлардың үлесі зор” [7, 70]. Сондықтан да бұл тайпалардың тілін зерттеп, олардың көне қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуына, көне қазақ мәдениетін жасауға тікелей қосқан үлесін салмақтап саралау, қазақ мәдениетінің ежелгі қайнар көздерін айқындау қажет.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Дулати М.Х. *Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылар тарихы)*. Алматы, 2003. Тұран баспасы, 614 бет.
2. *Древнетюркский словарь*. Редакторы: В. М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э. Р. Тенишев, А. М. Щербак. Л.: «Наука», Ленинградское отд. 1969. 576-577-с.
3. Рүстемов Л. З. *Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов.* – Алма-Ата, Мектеп, 1989. - Б. 294.
4. Әбілғазы Б. *Түрік шежіресі*. Алматы, 1991, Ана тілі, 206 бет.
5. Уәлиханов Ш. *Таңдамалы*, Алматы, 1985. 557 б.
6. Көпейұлы М. Ж. *Қазақ шежіресі*. Алматы. Жалын, 1993. 74-б.
7. Марғұлан Ә. *Найман, Керей, Өңгіттердің жазулары*, “Ақиқат”, 1995, 70-б.